



Процесс картасы
"Кадрлық іс"
СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 1 - 10

«КЕЛІСІЛДІ»
Колледж кеңесінің отырысында
Хаттама № 4
«09» 02 2026ж

«БЕКІТМІН»
Қызылорда медициналық
жоғары колледжіннің директоры
Ж.А. Балмакова
«09» 02 2026ж



КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘДЕП КОДЕКСІ



Процесс картасы
"Кадрлық іс"
СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 2 - 10

АЛҒЫ СӨЗ

1.Әзірлеуші	Кадр бөлімінің меңгерушісі	қолы	02.09.2025
2.Тексеру жиілігі	5 жыл		
3.Орнына енгізілді			
4.Таратылды	Директордың орынбасарларына, бөлім меңгерушілеріне, бірлестік жетекшілеріне, пән оқытушыларына, колледж заңгеріне, топ жетекшілеріне, штаттан тыс оқытушыларға		
5.Бекітіліп, қолданысқа енгізілді	Педагогикалық кеңес отырысында Хаттама № 1 2025 ж		
6. Келісті	Колледж директоры Ж.А Калмакова	_____	02.09.2025
	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Е Абдиканиева	_____	02.09.2025
	Директордың тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары А.А Сейтова		02.09.2025
	Директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Л.Т Байғабылова	_____	02.09.2025



МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер 3
2. Колледждің корпоративтік құндылықтары3-4
3. Колледж қызметкерлерінің мінез-құлық қағидаттары 4
4. Корпоративтік мәдениет және әдеп нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік 6
5. Қосымшалар7-8



1. Жалпы ережелер

1.1. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына қарасты «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» ШЖҚ КМК-ның (бұдан әрі – Колледж) Корпоративтік мәдениет және этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Колледж қызметінде басшылыққа алынатын этикалық нормалар мен мінез-құлық қағидаларының жиынтығы болып табылады және Колледж қызметкерлері лауазымдық міндеттерін орындау кезінде осы Кодекстің талаптарын сақтауға міндетті.

1.2. Осы Кодекстің мақсаты:

1. жоғары кәсіби білім беру ортасын қалыптастыру және мәдениеті жоғары, эмпатиясы дамыған, кәсіби борыш сезімі қалыптасқан болашақ медицина қызметкерлерін тәрбиелеу;
2. Колледждің жоғары этикалық мінез-құлық стандарттарына адалдығын қамтамасыз ету;
3. Колледждегі корпоративтік этика қағидалары мен нормаларын регламенттеу және оларды қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындауы барысында сақтау мақсатында күнделікті тәжірибеге енгізу;
4. Колледжде қабылданған іскерлік этика нормаларын қызметкерлердің лауазымына және жасына қарамастан бірдей түсінуі мен орындауын қамтамасыз ету;
5. қызметкерлердің өзара құрметіне, сеніміне және жоғары кәсібилігіне негізделген қолайлы әрі достық атмосфера қалыптастыру.

Аталған нормалар мен қағидаттардың тізбесі толық болып табылмайды және белгілі бір алғышарттар немесе жағдайлар туындаған кезде нақтылануы, өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

1.3. Осы Кодекс Колледж ішіндегі және сыртқы кәсіби қауымдастықпен өзара қарым-қатынаста басшылыққа алынатын негізгі құндылықтарды, іскерлік мінез-құлық қағидаттарын және өзара іс-қимыл стандарттарын айқындайды.

1.4. Кодекс талаптары бірыңғай болып табылады және атқаратын лауазымына, еңбек өтіліне қарамастан Колледждің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып саналады.

2. Колледждің корпоративтік құндылықтары

2.1. Колледж өз қызметкерлерінде және олардың қызметінде келесі құндылықтарды жоғары бағалайды:

1) заңнама талаптарын сақтау, адалдық және ашықтық – Колледждің уәкілетті органдармен және қызметкерлермен өзара қарым-қатынасының негізгі қағидаттары;



- 2) адам тұлғасын құрметтеу – Колледждің барлық қызметкерлері нәсіліне, тіліне, саяси және діни көзқарастарына, жынысына, ұлттық және мәдени ерекшеліктеріне қарамастан адал әрі әділ қарым-қатынасқа құқылы. Білім беру процесіне қатысушыларға қатысты физикалық, моральдық немесе психологиялық қысым көрсетуге жол берілмейді;
- 3) патриотизм – Колледж қызметкерлері өз Отаны – Қазақстан Республикасына, оның тарихына, дәстүрлеріне және мемлекеттік тіліне құрметпен әрі сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи құндылықтарын сақтайды, еліміздің әлемдік тарихтағы рөліне мақтанышпен қарап, осы көзқарасты білім алушыларға жеткізеді;
- 4) кәсіби ынтымақтастық – Колледж қызметкерлері мамандық беделін жоғары ұстап, әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді, педагог мәртебесіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермейді. Әріптестерінің сенімін теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін орындауына кедергі келтіруге немесе қандай да бір зиян келтіруге болмайды. Қызметкерлер әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жәрдемдеседі және қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмек көрсетеді. Сонымен қатар, кәсіби ынтымақтастық шындық пен әділетсіздікті ақтауға негіз бола алмайды;
- 5) кәсіби қызметтегі біліктілік және кәсіби деңгейін үздіксіз жетілдіруге ұмтылу – Колледж қызметкерлердің кәсіби білімін арттыруға және оны білім беру сапасын жақсарту мақсатында тәжірибеде қолдануға жағдай жасайды;
- 6) Колледждің стратегиялық және ағымдағы мақсаттарына қол жеткізуге бағытталу, әрбір қызметкердің Колледждің даму жоспарын іске асыруға қатысуы;
- 7) лауазымдық міндеттерді орындаудағы бастамашылдық пен белсенділік – Колледж әрбір қызметкердің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жағдай жасауға ұмтылады;
- 8) тәртіптілік және лауазымы мен жасына қарамастан барлық қызметкерлерге құрметпен қарау;
- 9) жүктелген функционалдық міндеттерді орындаудағы жауапкершілік;
- 10) қызметкерлер арасындағы өзара қолдау, жас мамандарға және еңбек өтілі мол қызметкерлерге көмек көрсету;
- 11) командада жұмыс істей білу – әрбір қызметкер ұжым жұмысына өз үлесін қосады және оның нәтижесі үшін жауап береді;
- 12) жұмыстың жоғары сапасы, кәсіби дағдыларды үздіксіз дамыту және қабылданған міндеттемелер үшін жеке жауапкершілік;



- 13) әріптестердің жетістіктерін мойындау, ашық диалогқа дайын болу және қажет кезде көмек көрсетуге әзірлік;
- 14) бағалаудағы объективтілік, ұйым ішінде де, сыртқы серіктестермен жұмыс барысында да алдау мен фактілерді бұрмалауға төзбеушілік;
- 15) күш-жігердің бірлігі (синергиясы), өзгенің пікірін құрметтеу және жеке мүдделерден гөрі Колледждің ортақ мақсаттарына басымдық беру.

3. Колледж қызметкерлерінің мінез-құлық қағидаттары

- 3.1. Барлық қызметкерлердің Колледж қызметіне адалдығы мен құрметі. Колледждің стратегиялық мақсаттарын іске асыру барысында оның мүдделерін қолдау. Мемлекет пен қоғам алдындағы Колледждің жағымды имиджі мен беделін қалыптастыруға атсалысу.
- 3.2. Колледжде жынысына, жасына, нәсіліне, ұлтына, дініне немесе жеке көзқарастарына байланысты кемсітушіліктің кез келген түріне жол берілмейді.
- 3.3. Агрессия көрсетуге, бейәдеп сөздерді қолдануға, психологиялық қысым жасауға, өсек таратуға және түрлі интригалар ұйымдастыруға тыйым салынады.
- 3.4. Сын-пікір тек жұмыс процестері мен олардың нәтижелеріне бағытталуы тиіс, қызметкердің жеке басына қатысты болмауы керек.
- 3.5. Басшылар тәлімгер ретінде әрекет етеді, бастамаларды қолдайды және ұжымдағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуал үшін жауап береді. Қызметкерлер басшылықтың шешімдерін құрметтеп, еңбек тәртібін сақтауға міндетті.
- 3.6. Қызметтік міндеттерді орындау
 1. Колледж қызметкері өзінің кәсіби қызметінде еңбек шартында көзделген талаптарды сақтауға және өз міндеттерін барынша толық әрі жауапкершілікпен орындауға міндетті;
 2. лауазымдық міндеттерін орындау кезінде ресурстарды тиімді пайдалана отырып, жоғары нәтижеге қол жеткізетін оңтайлы шешімдерді іздеуге ұмтылуы тиіс;
 3. жұмыс барысында жеке көңіл күйіне қарамастан, сапалы әрі нәтижелі еңбекке қолайлы жағдай туғызатын жағымды атмосфераны сақтауға міндетті;
 4. жұмыс уақытында қызметтік міндеттеріне қатысы жоқ істермен айналысуға жол берілмейді.



3.7. Ұжыммен және үшінші тұлғалармен қарым-қатынас

1. Әрбір қызметкер әріптестермен және үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сыпайылық, ізгі ниет және құрмет көрсету бүкіл ұжым жұмысының тиімділігін арттыратынын түсінуі тиіс;
2. әріптестермен қарым-қатынаста орынсыз еркіндікке (фамильярлыққа) жол бермеуі керек;
3. әріптестеріне «Сіз» деп, аты-жөнімен немесе аты мен әкесінің аты бойынша жүгінуі қажет, бұл іскерлік қарым-қатынасты сақтаудың маңызды құралы болып табылады;
4. қызметкер ұжымдағы жанжалды жағдайлардың алдын алуға және мүмкіндігінше олардан аулақ болуға тиіс. Жанжал жағдайында өзін лайықты ұстап, лауазымдық міндеттеріне сәйкес әрекет етуі қажет;
5. қызметтік міндеттерін орындау барысында қызметкерге әріптестерімен де, білім алушылармен де көтеріңкі дауыспен сөйлесуге тыйым салынады;
6. Колледж қызметкерлері жалпыға ортақ моральдық-этикалық нормаларды сақтап, әрдайым сыпайы және әдепті болуы тиіс;
7. әріптестерінің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмеуі керек;
8. дәлелсіз шағымдар мен өтініштер жасаудан тартынуы және педагогикалық этика нормаларының бұзылуына байланысты шағым түсірген тұлғаға қарсы әрекеттер жасамауы тиіс.

3.8. Құпиялылық

- Колледж қызметкері жұмыс барысында алған және көпшілікке белгілі емес кез келген қызметтік ақпаратты жарияламауға және оны жеке пайдасы үшін пайдаланбауға міндетті;
- Колледждің, оның серіктестерінің немесе пациенттердің коммерциялық құпиясын қамтитын ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкер бұл мәліметтерді қызметтік қажеттілік туындаған жағдайларды, заңнамада, нормативтік құқықтық актілерде немесе еңбек шартында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа қызметкерлерге немесе үшінші тұлғаларға жарияламауы тиіс. Осы талаптарды бұзу Колледж мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін;
- қызметкерлер құпиялылық режимін қатаң сақтауға, коммерциялық құпияны және әріптестер мен клиенттердің жеке деректерін қорғауға міндетті;



- қызметкердің жеке пайдасы ұйымның мүдделеріне қайшы келетін жағдайларға жол берілмейді. Мұндай тәуекелдер туралы (мысалы, жақын туыстардың бір бөлімде жұмыс істеуі) басшылыққа хабарлау қажет;
- пара алуға немесе беруге, коммерциялық паракорлыққа, сондай-ақ іскерлік шешімдер қабылдауға әсер етуі мүмкін сыйлықтарды қабылдауға қатаң тыйым салынады.

3.9. Киім үлгісі жұмыс форматына сәйкес болуы тиіс (мысалы, кеңсе жағдайында және клиенттермен жұмыс істеу кезінде business casual стилі). Қызметкердің сыртқы келбеті ұқыпты әрі жинақы болуы қажет.

3.10. Әрбір қызметкер белгіленген жұмыс кестесін сақтауға, кездесулерге уақытында келуге және тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындауға міндетті.

3.11. Колледж қызметкеріне білім алушылар, ата-аналар, серіктестер, жеткізушілер немесе өзге де тұлғалар тарапынан оның қабылдайтын шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) ықпал етуі мүмкін тікелей немесе жанама түрде сыйақы ұсынылған жағдайда, ол:

1. ұсынылған сыйақыдан бас тартуға;
2. сыйақы ұсынылғаны туралы Колледж директорына немесе бөлім басшысына хабарлауға;
3. сыйақы ұсынылған жұмысты Колледжде белгіленген тәртіпке сәйкес директордың немесе бөлім басшысының нұсқаулары бойынша әрі қарай жалғастыруға міндетті.


4. Корпоративтік мәдениет және этика нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік

4.1. Кодекс талаптарын сақтау ең алдымен жоғары буын басшыларынан басталады. Басшылар корпоративтік мәдениет пен этикалық мінез-құлықтың үлгісін көрсетуге міндетті.

4.2. Этика нормаларының бұзылуына тап болған әрбір қызметкер кадр қызметіне (HR) немесе басшылыққа ашық түрде жүгінуге құқылы.

4.3. Корпоративтік мәдениет пен этика нормаларын бұзу фактілерінің барлығы Этика жөніндегі комиссияда қаралады.

4.4. Осы Кодекстің талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға негіз болады. Мұндай шаралар ауызша ескертуден бастап еңбек шартын бұзуға дейінгі жауапкершілікті қамтуы мүмкін.

	<p>Процесс картасы "Кадрлық іс" СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>	<p>Басылым 2 Дана №1 Бет 9 - 10</p>
---	---	---

№ 1 қосымша

Колледж қызметкерінің сыртқы келбеті мен имиджіне қойылатын жалпы қабылданған талаптар

1.1. Искерлік киім стилі – қатаң, консервативті және ұстамды болуы тиіс. Негізгі талаптардың бірі – қызметкердің сыртқы келбетінің жұмыс ортасына сәйкес келуі. Искерлік киімде классикалық үлгідегі, үйлесімді және сабырлы түстердегі киімдерге басымдық беріледі. Ашық, көзге тым түсетін түстердің үйлесімін қолданудан бас тарту ұсынылады.

1.2. Әйелдер үшін:

Искерлік киім стиліне блузкамен және жилетпен үйлестірілген белдемше немесе шалбар костюмдері жатады. Сондай-ақ иығы жабық, тізеден төмен түсетін классикалық үлгідегі көйлек кию ұсынылады.

1.3. Ерлер үшін:

Искерлік киім стиліне классикалық үлгідегі шалбар костюмі, жейде, галстук және классикалық аяқ киім жатады.

1.4. Қызметкердің лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты көрсетілген бейдж тағу міндетті болып табылады.

